

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Халықаралық қонақ үй шаруашылығының даму кезеңдері

Орындаған: Шарден А.
Жарқынбекова Н.
Қанат А.
Тексерген: Тоқбергенова Ұ.

Кіріспе

Туризм жоғары табысты және қарқынды түрде дамып келе жатқан сала болып табылады. Әлемдік туристік ұйымның мәліметтері бойынша дүниежүзілік өндірістік – сервистік нарық айналымының – 10 %, әлемдік жиынтық ұлттық табыстың – 6 %, дүниежүзілік инвестицияның — 7 %, әрбір 9 — шы жұмыс орнын, дүниежүзі бойынша тұтынушылар шығындарының – 11 % және барлық салық түсімдерінің – 5 % туризм саласы қамтиды. Бұл мәліметтер туризм индустриясының жоғарғы экономикалық тиімділігінің айғағы болып табылады және таза экономикалық тиімді – лікке енетін туризмді дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Сондық – танда туризмді дамытуға қонақ үй салалы үлес қосады. Себебі, қонақ үй туристер үшін сапалы қызмет көрсетеді, оларға барлық жағдайды жасайды. ДТҰ, туризм жөніндегі мамандандырылған халықаралық ұйымдардың зерттеулерінің талдауына, сондай – ақ мемлекеттердің туризмді дамыту саясатына сәйкес, туризм мемлекетінің әлеуметтік, мәдени және эконо – микалық өміріне тікелей ықпал ететін қызмет ретінде түсіндіріледі. Қонақ үй қызметінің саласы – бұл адамдар арасындағы қарым – қатынас, нақты алушы мен сатушы арасындағы байланыс. Яғни, қызмет көрсетушілердің күш жігері демалушыларға арналып, қонақтардың ойын жаулап алу мақсатында ауқымды дәрежеде қызмет көрсету. Туризм саласындағы қызметкерлердің нақты жұмыс барысы, жұмыс уақыты, демалыс уақыты тура белгіленсе, онда бұл салада үлкен жетістіктер, атақ абыройға ие бола алады.

Қонақ үй индустриясының тарихи даму кезеңдері.

Кезең	Орналасу орны	Сипаттамасы
1	2	3
Б.з.д. II-I мыңжылдық	Ассирия	Саяхатшылардың демалу мен уақытша орналасуға арналған алғашқы ғимараты керуен-сарайлардың пайда болуы.
Б.з.д. I мыңжылдық	Ежелгі Греция, Крит, Шығыстың басқа елдері	Ежелгі әлем елдері бойынша керуен-сарайлардың таралуы.
	Ежелгі Греция	Қонақ үйлердің үш типі қалыптасқан: пандокейлер – мемлекеттік керуен сарайлар; жеке меншікті керуен сарайлар; саяхатшыларды орналастыратын орындары бар таверналар.
Б.з.д. VI ғ. – б.з. I ғ.	Ежелгі Рим	Тарихи бастау – жаппай қонақ үй кәсібінің дүниеге келуі және үлкен территориялы Рим империясының қалалары мен жолдар бойында керуен сарайлар мен таверналардың тармақталған жүйесінің дамуы. Саяхатшылар – мемлекеттік шенеуніктер мен элиталар, саудагерлер мен қажылар. Октавианның елді басқаруы кезінде (б.з.д. I ғ.) Рим империясында жүйелі пошта хабарламалары туралы заңдардан кейін бір атты табын (70-100км) қашықтыққа созылған бүкіл римдік жолдар бойында көптеген керуен сарайлар салынған болатын.
	Рим империясының ыдырау нәтижесінде пайда болған мемлекеттер	Керуен сарайлар мен таверналардың ойсырауы.
V-XIII ғғ. (ортағасырлық)	Еуропа	Шіркеулерде қонақ үйлердің пайда болуы.
	Англия	Кең таралғандар: түрлі елдерден келген саяхатшыларға арналған шіркеу үйлері; инналар (типтік жол қонақ үйлері), бірінші қабатында атқора мен таверна, қызмет пен шаруашылық бөлмелері, үстінгі қабатта төртбұрышты ішкі аулаға шығатын және жабық көрмемен байланысқан жатын бөлмелер орналасқан.
Ренессанс кезеңі XVIII-XIX ғғ.	Еуропа	Жаңа және ескі кәсіптер санының артуы, сауда мен керуен сарайлардың әрі қарай дамуы.
	Еуропа	Еуропа елдерінің арасында саяси және экономикалық қатынастардың нығаюына байланысты қонақ үй шаруашылығының дамуы.
XVII-XVIII ғғ.	Америка	Еуропалық иммигранттардың Америкаға жаппай келуіне байланысты керуен сарайлардың пайда болуы. Бір типті құрылыстар: қожайындар паналары, таверналар, үстінгі қабатта жатын бөлмелер. Ең алғашқы 70 бөлмелі қонақ үй «Сити Отель» (Нью-Йорк, 1794 ж.).
	Америка	Саяхатшыларға қызмет көрсететін кіші және үлкен қонақ үйлер құрылысы. 170 бөлмелі отель «Третмонт» (Бостон, 1829 ж.). Электр жарығы және жеделсатысы бар ең бірінші қонақ үй «Эверетт» (Нью-Йорк, 1859 ж.).
XVIII ғ.соңы – XIX ғ.басы	Америка	Саяхатшыларға қызмет көрсететін кіші және үлкен қонақ үйлер құрылысы. 170 бөлмелі отель «Третмонт» (Бостон, 1829 ж.). Электр жарығы және жеделсатысы бар ең бірінші қонақ үй «Эверетт» (Нью-Йорк, 1859 ж.).
XIX ғ. қоғамды индустриализациялау және өндірістік төңкеріс дәуірі	Еуропа, Америка	Жаппай орын ауыстыру құралдарының пайда болуына байланысты өндірістік төңкерістен кейін жаппай туризмнің дамуы. Су жағалары мен ерекше табиғаты бар жерлерде қонақ үй құрылысы. Қонақ үй кәсіпорындары, корпорациялар мен синдикаттардың пайда болуы. Иммигранттар, коммерсанттар және іскер адамдар үшін арналған қонақ үй құрылысы.

XX ғ. басы, 1905 ж.

Америка

Тұтынушыларға максималды түрде қызмет көрсетуге негізделген қонақ үй құрылысындағы жаңа тұжырымдама («Буффало Статлер» қонақ үйі).



Лондон

Қонақ үйлердің синдикатын жасау.

Париж

Қонақ үй қожайындарының Кеңесін құру.

Еуропа, Азия, Америка

Әлемнің 1700 қонақ үйін біріктіретін Халықаралық қонақ үй иелерінің кеңесі құрылды.

Еуропа

Жиналыстар, кездесулер, қабылдаулар, конференциялар, ойын-сауық кештері өткізілетін қонақ үйлердің пайда болуы.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдары

Еуропа

Қонақ үй құрылысының тоқтауы.

1

2

3

XX ғ. 20-ж.

Америка

Күшті қонақ үй құрылысының дамуы. Конрод Хилтонның қонақ үй бизнесі, әлемдегі ең мықты қонақ үйдің («Конрод Хилтон») құрылысы.

XX ғ. 30-ж.

Еуропа, Америка

«Ұлы күйзеліс» кезеңінде қонақ үй құрылысының тоқтатылуы.

XX ғ. 40-ж. Екінші Дүниежүзілік соғыс

Еуропа

Қонақ үй құрылысының тоқтауы.

Америка

Елде көшіп-қонушы іскер адамдар мен кедейлердің саны күрт артып кеткендіктен мемлекеттік қонақ үй қоры 100% қолданылды.


XX ғ. 50-60-жж. Әуе және авто құрылысы дамыған кез. Халықаралық шиеленісті Бүкіл әлем бәсеңдету. Көптеген мемлекеттерде еңбеккерлерді социалистік басып алу. Жаппай туризмнің дамуы.

Қонақ үй шаруашылығының қайта жаңдануы және дамуы (Еуропа). Саяхаттап жүрген автомобилистерге мотельдердің ашылуы. Ең алғашқылардың бірі «Холлидей Иннз» 1952 ж. Кеммон Уилсонмен салынған. Әуежай отельдерінің құрылысы. Отбасылық демалыс үшін пайда болған отельдер. Қонақ үй базасын ойын-сауық индустриясына айналдыру. Қонақ үй тізбегі мен отельдер құрылысына әуекомпаниялардың қатысуы («Интер-Континенталь», «Хилтон»). Әлемнің әйгілі және жаңа демалыс курорттарында қонақ үй құрылысы.

XX ғ. 70-80-жж.

Қонақ үй нарығының саралануы нәтижесінде қонақ үй қызметімен қамтамасыз етілді. Әлемде 17 млн бөлмелі қонақ үй (БТҰ мәліметтері бойынша). Қонақ үй тізбегінің дамуы: «Мариотт», «Рамада», «Шератон», «Редиссон» және т.б. «Апартамент» класты, кондотельдер типті қонақ үйлер дамыды.

« Сити Отель» 1794 жыл





Конрад Николсон Хилтон
Сокорро округінің Нью-
Мексико штатында 1887
жылдың 25 желтоқсанында
дүниеге келген американдық
кәсіпкер мен Hilton қонақ
үйлер желісінің негізін
қалаған.



Қорытынды

Практикалық жұмысты қортындылай келе қонақ үй қызметінің саласы – бұл адамдар арасындағы қарым – қатынас, нақты алушы мен сатушы арасындағы байланыс. Яғни, қызмет көрсетушілердің күш жігері демалушыларға арналып, қонақтардың ойын жаулап алу мақсатында ауқымды дәрежеде қызмет көрсету. Туризм саласындағы қызметкерлердің нақты жұмыс барысы, жұмыс уақыты, демалыс уақыты тура белгіленсе, онда бұл салада үлкен жетістіктер, атақ абыройға ие бола алады.

Аз ғана уақытқа болса да туристер үшін қонақ үй – ақылы уақытшаөз үйі. Ал үй ішінде адам өзін жақты сезіну, көтеріңкі көңілде болу, оны әрқашан көтеріңкі көңілмен күтіп алатындығына, оның барлық сұраныс түрлерін қанағаттандыратындығына сенімді болу шарт. Осындай жолмен ғана қонақ үйлерді туристердің екінші үйі ретінде, осы үйге қайта – қайта келу тілегін қалыптастыру керек.

Жалпы қонақ үй шаруашылығы бизнесін туристік бизнестен қарастыру мүмкін емес. Өйткені, қонақ үй шаруашылығы халықты жұмыспен қамтамасыз етеді және пайда табу көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. « Қонақ үй шаруашылығы » Мазбаев О.Б., Омаров Қ.М.

Оқу құралы. 2007 жыл.

2. « Туризм және өлкетану негіздері » Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н.,

Асубаев Б.К. Оқу құралы. 2006 жыл

3. Қазақстан Республикасының « Туризмді дамыту тұжырымдамасы »

Астана 2001 жыл.

4. Интернет www.google.ru.

5. Интернет www.google.kz.